

**Качир ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 наурыздағы "Качир ауданы әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" № 48/2 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Качир аудандық әкімдігінің 2017 жылғы 22 тамыздағы № 238/7 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 тамызда № 5609 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі " Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес Качир ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Качир ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 11 наурыздағы "Качир ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" № 48/2 қаулысының ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4354 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 наурыздағы "Тереңкөл тынысы", "Заря" № 12 газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Р.М. Габидулинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Шұғаев*